Қызметті шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі туралы

« Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабы 3-тармағының 27-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы №687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес,
Бұлтты қызмет көрсетулер қызметі Фаворит сатып алу қажеттілігіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бұлтты қызмет көрсетулер қызметі Фаворит Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру.

2.Сатып алуды келесідей негіздеңіз:

Заңның 16-бабы 3-тармағының 35-тармақшасы:

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынандай жағдайларда жүзеге асырылады:

35) егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса.

Осы тармақша өнім беруші алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы неоның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзгеде лауазымды адам қабылдайды.

508.Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда,

мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтаумен жүзеге асырылады.
509. мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Е.Т Сейлханов**

Бұйрықпен таныстым _____
Күні 15.01.2026
№ 3.